

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 7 шілдедегі N 1067 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 5 тамыздағы N 1217. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.04.03. N 397 қаулысымен. ~P020397

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасында түркі тілді мемлекеттер басшыларының Ташкент декларациясын, ЮНЕСКО-ның және Бүкілдүниежүзілік Туристік ұйымның Ұлы Жібек Жолы бойындағы туризм инфрақұрылымын дамыту жөніндегі жобасын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын жүзеге асыру шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 7 шілдедегі N 1067 P971067\_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

"Жібек жолы" ұлттық комитетінің төрағасы болып Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет министрі И.Н.Тасмағамбетов тағайындалсын;

аталған комитеттің құрамына мыналар енгізілсін:

Бекбосынов К. - ежелгі Тараз ескерткіштері қорық-мұражайының директоры;  
Демитов К.К. - Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрінің орынбасары /вице-министр/;

Жәлелов У.К. - Қазақстан Республикасы Білім және мәдениет министрлігінің Мәдениет департаментінің мәдениет ескерткіштерін қорғау мен мұражай жұмыстары инспекциясының бастығы;

Құлыбаев А. - Қазақстан Республикасы Экономика және сауда

министрлігінің Құрылыс және сәулет-кала құрылысын бақылау жөніндегі агенттігінің директоры;

Қозыбаев М. - Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының директоры;

Рыскелдиев Т. - "Әзірет-Сұлтан" Түркістан тарихи-мәдени қорық-мұражайының директоры;

Ходжаев М. - Отырар археологиялық қорық-мұражайының директоры;

Хадлоу М. - ЮНЕСКО-ның Қазақстан Республикасындағы өкілі

(келісім бойынша).

"Жібек жолы" ұлттық комитетінің құрамынан мыналар шығарылсын:

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары  
А.С.Есімов;

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары -  
Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрі Ө.Е.Шүкеев.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары